JEL classification: R: Economics of urban and rural areas, Regional economy; The property; transport economy; R23 Regional migration, Regional labor markets, Population, Demographic characteristics of the district

ANALYSIS OF FACTORS INFLUENCING THE MAIN INDICATORS OF THE DEMOGRAPHIC POTENTIAL OF THE REGIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Sagidolda Nagima
PhD student
Narxoz University,
Almaty, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The purpose of the study – to identify the main factors influencing the demographic potential of the regions of the Republic of Kazakhstan, their evaluation and analysis and the reflection of the contribution of individual regions to the reproduction of the population as a whole.

Research methodology – During the writing of the article the research was based on methods of analysis, observation, quantitative analysis and comparison of statistical data of factors influencing the demographic potential of the regions of the Republic of Kazakhstan.

Originality / value of work – The author grouped and analyzed the factors influencing the demographic potential of the regions of Kazakhstan in recent years. When studying the factors, regions with high, stable and low demographic potential were identified.Findings – as a result of the research it was proved that the annual steady growth of the population in Kazakhstan is connected with the high demographic potential of some regions only, namely South Kazakhstan, Mangystau, Aktobe, Zhambyl, Atyrau and Almaty regions (oblasts). On the contrary, a low demographic potential has been identified in the North-Kazakhstan, Kostanay, Karaganda and Pavlodar regions (oblasts). In general, the slow process of constant population growth in the country is connected with this situation. As a result of the analysis, the regions associated with the demographic potential were grouped.

Keywords – demographic potential, population size, age-and-sex structure, migration, aging rate, infant mortality, able-bodied population, natural increase.

УДК 314.18

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАРДЫ ТАЛДАУ

Сагидолда Нагима
Докторант
Университет Нархоз,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

АҢДАТПА

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасы өңірлерінің демографиялық әлеуетіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау, оларды бағалап, талдап көрсету және нәтижесінде жалпы халықтың ұдайы өсіп-өнуіне жекелеген өңірлердің қосатын үлесін көрсету.

Зеттеу әдіснамасы (қолданатын әдістерді сипаттау) – мақаланы жазу барысында зерттеу жалпы Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша демографиялық әлеуетке әсер етуші факторлардың

статистикалық мәліметтеріне талдау жасау, бақылау, сандық талдау және салыстыру әдістеріне негізделді.
Жұмыстың негізгі құндылығы – автор соңғы жылдардағы Қазақстан өңірлері бойынша демографиялық әлеуетке әсер етуші факторларды жиыстырып, оларға талдау жасаған. Факторларды зерттеу барысында өңірлер арасында жалпы Республикаға маңызды демографиялық әлеуеті жоғары, тұрақты және төмен аймақтар анықталған.
Зерттеу нәтижесі – зерттеу нәтижесінде Қазақстан бойынша жыл сайынғы халықтың тұрақты ұдайы өсімі тек кейбір өңірлердің, яғни Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Жамбыл, Атырау және Алматы облыстарындағы демографиялық әлеуетінің жоғарылығына байланысты екені дәлелденді. Ал керісінше, Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарында демографиялық әлеуеттің төмендігі айқындалды. Жалпы еліміз бойынша халықтың ұдайы өсіпөну үдерісінің баяу деңгейде жылжып отырғаны осы жағдайларға байланысты болып отыр. Талдау нәтижесінде демографиялық әлеуетке байланысты өңірлер топтастырылды.
Кілттік сөздер – демографиялық әлеует, халық саны, жастық-жыныстық құрылым, халықтың көші-қоны, қартаю коэффициенті, сәби өлімі, еңбекке жарамды топ, табиғи өсім.

КІРІСПЕ

Демографиялық даму қоғам дамуының бір бөлігі ретінде қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар, бұл үдерістердің нәтижелі параметрлерін қамти отырып, дәртүрлі түрде даму бағытының әртүрлігімен сипатталады. Қазақстан өңірлерінің демографиялық жағдайы әлі көптеген онжылдықтар бойы қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына әсер ететіп отырады.Қазіргі демографиялық даму құбылыстарын тиісті әсер етуші шаралар арсеналдарынан тұратын позитивті және негативті деп саралау барысында демографиялық әлеует тұрғысынан демографиялық дамуға қандай модель тиімдірек болады және қандай модель нақты жүзеге асады дегенді түсіну маңызды. Осылайша, бұл мәселе түбегейлі маңызды сипатта бола тұра демографиялық әлеует көрсеткіштері жүйесін құруды қажет етеді.

Өңірлердің демографиялық әлеуетінің негізгі индикаторларын жіктеу

Халықтың ұдайы өсуінің сапалы түрде өзгеру көрінісі ретінде тұрақты некеде болу, үйлесімді ерлі-зайыптық қарым-қатынас, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастағы демократизм, дені сау ұрпақ, белсенді өмірлік ұстаным, соның ішінде, үлкен қоғамдық өзгерістерді дұрыс сезіне білу және т.б. сияқты көрсеткіштер жатады. Халық санының болашақта дамуы демографиялық әлеуетті сақтау мен оны нығайтуға қатысты қоғамның сәйкесінше шараларды қолдануына байланысты болады.

Аймақтардың демографиялық әлеуетінің негізгі көрсеткіштері әсер етуші факторларға байланысты топтастырылады (1 кесте). Халық санының көрсеткіштері оның қалыптасу барысындағы өзгеру қарқыны (динамикасы) мен табиғи және көші-қон өсімінің (кемуі) үлесінен тұрады.

Кесте 1. Аймақтардың демографиялық әлеуетінің көрсеткіштері

Факторлар	Көрсеткіштер
Халық саны мен демографиялық көрсеткіштер	
Халық саны	Халық санының өзгеру қарқыны Халық санының қалыптасуындағы табиғи және миграциялық өсім (кему) үлесі
Туу	Туу кезектілігі бойынша туудың жиынтық коэффициенті Туудың жас бойынша коэффициенттері Некеден тыс туылған балалардың үлесі
Өлім-жітім	Өмір сүру ұзақтығының орташа болжамдылығы мен өлім-жітімнің негізгі себептерінің үлесі және халықтың жас шамасына қарай бөлінуі мен оның өзгеру ерекшелігі Өлім-жітім себептері құрылымындағы оның алдын алу үлесі Ерлер арасындағы өлім-жітім көрсеткіші Еңбекке жарамды жастағылар арасындағы өлім-жітім коэффициенті Нәрестелер өлімінің коэффицтенті және құрылымы

Кестенің жалғасы

Қайтпайтын көші-қон	Халықтың көші-қон өсімі (кемуі) Көші-қон айналымының қарқыны Көші-қон байланысының нәтижелілігі Аймақішілік көші-қон үлесі
Демографиялық құрылым	
Жастық-жыныстық құрылым	Экономико-демографиялық жүктеме 1000 әйелге шаққандағы ерлер саны Халықтың қартаю коэффициенті Халықтың жастық-жыныстық пирамидасы
Неке құрылымы	25-29 жастағы ешқашан некеге тұрмағандардың үлесі
Көші-қон құрылымы	Халық құрамындағы жергілікті тұрғындар мен жаңадан көшіп келгендердің үлесі
Демографиялық сипат	
Репродуктивті сипат	Қалаулы және болжамды балалар саны Балалардың тууына себептес және кедергі болатын факторлер Өмірлік құндылықтар жүйесіндегі балалардың алатын орны
Некелесуге байланысты сипат	Некеге тұру мен некені бұзу жасы Некеге тұру мен ажырасу кезектілігі Некеге тұру мен ажырасуға деген көзқарас Өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасының орны
Өзін-өзі сақтау сипаты	Өмір сүрудің қалаулы және болжамды ұзақтығы Денсаулыққа зиянды әдеттердің таралуы Салауатты өмір салтын ұстану
Көші-қон сипаты	Халықтың көші-қон жоспарын зерттеу нәтижесі бойынша потенциалды мигранттардың үлесі Тұрғылықты аймақтың қолайлылығын бағалау
Ескерту – [1] әдебиет негізінде автормен құрастырылған	

Халық саны мен демографиялық құрылымының өзгеруінен тұратын демографиялық үдерістер туу, өлім-жітім және қайтпайтын көші-қон көрсеткіштерімен сипатталады. Халықтың ұдайы өсуі тарапынан туу кезектілігі бойынша туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК), туудың жас бойынша коэффициенттері, некеден тыс туылған балалардың үлесі туудың маңызды сипаттарын көрсетеді.

Демографиялық әлеуеттің қалыптасуына әсер етуші өлім-жітім көрсеткіші тарапынан негізгілеріне өлім-жітім себептерінің құрылымын негізгі класстар бойынша бөлу, себептер құрылымындағы өлімнің алдын-алудың үлесі, нақты бір жасқа жету барысында қайтыс болу ықтималдылығы, ерлердің шамадан тыс қайтыс болу көрсеткіші, еңбек ету жасында қайтыс болу коэффициенті, сәбилер өлімінің коэффициенті мен құрылымы, өмір сүрудің болжамды ұзақтығы мен өлім-жітімнің негізгі себептерінің жасқа байланысты топтардың өзгеруіне қосатын үлесі жатады [2]. Сонымен қатар, өлім-жітім жағдайын талдау мен оның демографиялық әлеуетке әсер етуде өлімнің әртүрлі себептерінің әсерінен демографиялық әлеуеттің төмендеуін бағалау көрсеткіші ерекше тәжірибелік мәнге ие.

Аймақтардағы халықтың ұдайы өсуі үдерістерінде қайтпайтын көші-қон маңызды рөл атқарады. Ол халықтың көші-қон өсімі (кемуі), көші-қон айналымының қарқыны, көші-қон байланысының нәтижелілігі, аймақішілік көші-қон үлесі көрсеткіштері арқылы сипатталады.

Демографиялық құрылым халықтың жастық-жыныстық, некеге тұру және миграциялық құрылымы көрсеткіштерімен анықталады. Халықтың жастық-жыныстық құрылымына экономико-демографиялық жүктеме, 1000 әйелге шаққандағы ерлер саны, халықтың қартаю коэффициенті және де халықтың жастық-жыныстық пирамидасы жатады. Халықтың некелесу құрылымын қарастыру барысында демографиялық әлеуеттің маңызды индикаторы ретінде 25-29 жастағы ешқашан некеге тұрмағандардың үлесі ескеріледі. Халық құрамындағы жергілікті тұрғындар мен жаңадан көшіп келгендердің үлесі және олардың арақатынасы халықтың көші-қон белсенділігінің деңгейін көрсетеді.

Демографиялық әлеуетті қалыптастыру барысында халықтың демографиялық сипаты маңызды рөл ойнайды. Халықтың репродуктивті, матримониалдық, өзін-өзі сақтау және миграциялық сипаттарының ерекшеліктерін зерттеу барысында халықтың әлеуметтанулық-демографиялық жағдайын қарастыру қажет [3]. Репродуктивті мінез-құлықты сипаттаушы көрсеткіштерге қалаулы және болжамды бала-

лар саны, балалардың тууына себепкер және кедергі болатын факторлар және өмірлік құндылықтар жүйесіндегі балалардың алатын орны жатады. Халықтың матримониалдық мінез-құлықтары некеге тұру мен некені бұзу жасы, некеге тұру мен ажырасу кезектілігі, некеге тұруға дейінгі некесіздік кезеңі, баласы бар жағдайдағы некеге тұру мен ажырасуға деген көзқарас, өмірлік құндылықтар жүйесіндегі отбасының орны туралы сұрақтарға жауап алу арқылы анықталады [4]. Өзін-өзі сақтау мінез-құлықтары өмір сүрудің қалаулы және болжамды ұзақтығы, өз денсаулығын бағалай білу, денсаулықты сақтау қажеттілігін іске асыру деңгейі, денсаулыққа зиянды әдеттердің таралуы мен салауатты өмір салтын ұстануымен сипатталады. Көші-қон сипаты тұрып жатқан аймақтың қолайлылығы мен қолайсыз жағдайларын бағалау мен потенциалды мигранттардың үлесін зерттеу нәтижелері [5] арқылы анықталады.

Өңірлер бойынша демографиялық әлеуетті бағалау және оны талдау

Демографиялық әлеуетті бағалау үшін нақты көрсеткіштермен қатар, олардың төменгі шектік мәні де ерекше маңызды орын алады. Төменгі шектік мән ретінде көрсеткіштердің шектік мөлшері анықталады [6]. Оны сақтамау халықтың ұдайы өсуінің әртүрлі элементтерінің қалыпты дамуына кедергі тудырып, демографиялық әлеуеттің төмендетуге алып келеді.

Халықтың алдағы орташа өмір сүру ұзақтығы кешенді көрсеткіш және ол халықтың дамуының демографиялық, әлеуметтік-экономикалық деңгейін сипаттайды. Бұл көрсеткіштің бағдары ретінде екі жынысқа да орташа өмір сүру жас ұзақтығы 75 жастан астам болатын дамыған елдердің деңгейі болып табылады [7]. Бұл көрсеткіштің төменгі мәні өмір сүрудің толыққанды болмағанын айғақтайды.

Туудың жиынтық коэффициенті 2,15 құрайтын қарапайым халықтың ұдайы өсу деңгейінде [8] шектік сыни мәнге ие болады.

Жалпы халықтың 60 жастан асқандарының үлесі халықтың қартаю коэффициентін көрсетеді. Төменгі шектік мән ретінде бұл көрсеткіш жалпы халық санының 8%-дан астамын құраған жайдайда халықтың қартаюы орын алып [9], қоғамға салмақ түседі. 2010-2016 жылдар аралығындағы Қазақстан бойынша 60 жастан асқандардың үлесі 0,9 пайызға өскен. Қартаю коэффициентінің өңірлер бойынша 2010 жылдағы жоғарғы көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан (14,7%), Шығыс Қазақстан (13,5%), Павлодар (12,7%), Қарағанды (12,6%), Ақмола (12,3%), Алматы қаласы (11,2%), Батыс Қазақстан (11,1%), және Алматы облыстарында (9%) байқалады, ал Ақтөбе мен Жамбыл облыстарында 8 пайыз шамасында. Қалған өңірлерде көрсеткіштер 8 пайыздан төмен болып отыр. Жалпы Қазақстан бойынша ең төменгі көрсеткіш Маңғыстау облысында 5,5 пайызды құрап отыр. Еліміздің бас қаласы Астана мен Оңтүстік Қазақстанда 60 жастан асқандардың үлесі 6,2 пайыз болса, Атырау облысында 7,2 пайыз болған. Бұл көрсеткіштер алынған период аралығында Солтүстік Қазақстанда 2,1, Шығыс Қазақстанда 1,8, Қостанайда 1,6, Павлодар мен Ақмолада 1,4, Ақтөбе, Жамбыл және Қызылорда, Маңғыстау облыстарында 1 пайыздан сәл жоғары көтерілсе, қалған өңірлерде 7 жыл аралығындағы көрсеткіш 1 пайызға жетпейді. 7 жыл аралығындағы ең төменгі көрсеткіш Алматы қаласында 0,5 пайызды құраған. Сонымен, халықтың қартаю коэффициенті тарапынан 2010-2016 жылдар аралығындағы орташа көрсеткіштерімен демографиялық әлеуеті жоғары өңірлерге Атырау 7,4%, Қызылорда 7,3%, Маңғыстау 6%, Оңтүстік Қазақстан 6,5% облыстары және Астана қаласын 6,6% жатқызамыз (2 кесте).

Кесте 2. Қазақстан өңірлері бойынша 60 жастан асқандардың жалпы үлесі (2010-2016 жылдар) (пайыз)

Өңірлер	Жылдар							2010 жылға %
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	
Қазақстан Республикасы	9,9	9,9	10,0	10,2	10,4	10,6	10,8	109,1
Ақмола	12,3	12,6	12,7	12,8	13,1	13,4	13,7	111,4
Ақтөбе	8,4	8,5	8,7	8,9	9,1	9,3	9,6	114,3
Алматы	9,0	9,1	9,2	9,4	9,5	9,7	9,9	110,0

Кестенің жалғасы

Атырау	7,2	7,2	7,3	7,4	7,5	7,6	7,8	108,3
БатысҚазақстан	11,1	11,1	11,3	11,5	11,6	11,8	12,0	108,1
Жамбыл	8,1	8,3	8,4	8,6	8,8	9,0	9,2	113,6
Қарағанды	12,6	12,8	12,9	13,2	13,4	13,7	13,9	110,3
Қостанай	13,6	13,8	14,0	14,2	14,5	14,8	15,2	111,8
Қызылорда	6,8	7	7,1	7,2	7,4	7,6	7,8	114,7
Маңғыстау	5,5	5,7	5,8	6,0	6,2	6,3	6,5	118,2
ОңтүстікҚазақстан	6,2	6,3	6,4	6,5	6,6	6,8	6,9	111,3
Павлодар	12,7	12,9	13,0	13,3	13,5	13,8	14,1	111,0
СолтүстікҚазақстан	14,7	14,9	15,1	15,5	15,8	16,3	16,8	114,3
ШығысҚазақстан	13,5	13,7	13,9	14,2	14,6	14,9	15,3	113,3
Астана қ.	6,2	6,2	6,3	6,5	6,7	6,9	7,1	114,5
Алматы қ.	11,2	11,3	11,4	11,5	11,7	11,7	11,7	104,5
Ескерту – [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған								

Халықтың көші-қон жылжымалылығы экономикалық белсенді халықтың ұдайы өсіп-өну қызметі мен құрылымдық сипаттамасы тұрғысынан оның сапалы сипатының өзгеру қаупіне алып келеді. Аймақтар үшін маңызды көрсеткіш 20-29 жас аралығындағылардың сыртқы көші-қон нәтижелілігінің коэффициенті болып табылады. Бұл көрсеткіш халықтың 20-29 жас аралығындағы аймақтан көшіп кеткендер мен сол жастағы көшіп келгендер арасындағы қатынасы арқылы анықталынады. Көші-қон бойынша шектік мән 100-ге (көшіп кеткен 100 адамға көшіп келген 100 адам келеді) тең болады [11]. Бұл мәннің шамадан тыс асып кетуі халықтың жастық құрылымындағы тепе-теңсіздікке, еңбек қоры теңгерімінің бұзылуына, еңбекке жарамды топқа экономико-демографиялық жүктеменің жоғарылауына, туу деңгейінің төмендеуі мен халықтың қартаюына, яғни демографиялық әлеуеттің төмендеуіне алып келеді.

Қазақстан бойынша 2010-2016 жылдар аралығында еңбекке жарамды жастағылардың көші-қон айырымы орташа шамамен -1511,57 адамды құрап отыр. Республика бойынша көші-қон айырымының теріс көрсеткіші 2014 жылдан басталған. Ал өңірлер бойынша еңбекке жарамды жастағы халықтың көші қон ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, 2010 жылы Алматыға келгендер саны 36,6 мың адам, Атырауға 6,8 мың адам, Маңғыстауға15,6 мың адамболса, Алматы қаласына 52,9 мың адам және Астанада 44,3 мың адамды құрап, келгендер саны кеткендерден қарағанда жоғары, яғни оң нәтижені көрсетіп отыр. Алынған периодтың соңында, яғни 2016 жылы Ақтөбе мен Алматы облыстарында керісінше теріс көрсеткіштер орын алды. Маңғыстау облысы мен Алматы және Астана қалаларында оң нәтиже сол қалпы сақталып қалған. Еліміздің қалған өңірлерінің көп бөлігінде жұмысқа қабілетті жастағылар арасында кеткендердің саны келгендерден қарағанда артық болып отыр. Көші-қон айырымының теріс көрсеткіштері жалпы алған кезең бойынша Жамбыл облысында -7,6 мың адам, Шығыс Қазақстан облысында -6,7 мың адам, Солтүстік Қазақстан облысында -4 мың адамды құраған. Алынған мәліметтерге сүйенетін болсақ, ең көп көшіп кетушілер саны -22,2 адамды құрап, 2016 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында байқалған, ал керісінше көшіп келушілер саны жағынан 2016 жылы 57,9 адамды құрап Астана қаласы алдыңғы қатардан көрініп отыр. Елордамыз Астана қаласы бойынша теріс көрсеткіш тек 2015 жылы -1701 адамды құраған. Еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қон коэффициенті тарапынан 2010-2016 жылдар аралығындағы орташа көрсеткішпен демографиялық әлеуеті жоғары өңірлерге Елордамыз Астана мен еліміздің ірі мегаполисі Алматы қалаларын жатқызамыз, ал облыстарға келетін болсақ, Алматы, Маңғыстау және Атырау алдыңғы қатардан көрініп отыр (3 кесте).

Кесте 3. 2010-2016 жылдар аралығындағы өңірлер бойынша еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қоны айырымы

(адам)

Өңірлер	Жылдар							Орташа шама
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	
Қазақстан Республикасы	11175	4846	48	1547	-7011	-8208	-12978	-1511,57
Ақмола	-4127	-4362	-2119	-973	-2792	2027	-10656	-3286
Ақтөбе	3403	-2547	-2175	-185	-514	-1880	-2574	-924,57
Алматы	5762	4045	5901	4170	-2846	-6042	-5477	787,57
Атырау	-950	-450	431	172	487	-7	4	-44,71
БатысҚазақстан	-1703	-1366	-1039	-441	-996	-75	-1979	-1085,57
Жамбыл	-6974	-9735	-5544	-5586	-6411	-7604	-11561	-7630,71
Қарағанды	-1450	-2134	-2943	-2491	-1383	-3123	-8493	-3145,28
Қостанай	-3302	-3246	-1710	-1920	-2015	-819	-5692	-2672
Қызылорда	-3473	-2812	-1424	-1847	-1984	-2969	-4947	-2779,43
Маңғыстау	6029	5638	5498	2985	2237	2232	32	3521,57
ОңтүстікҚазақстан	-6846	-9548	-6207	-8546	-10079	-11708	-22246	-10740
Павлодар	-1940	-2942	-2061	-1187	-1937	-1949	-4755	-2395,86
СолтүстікҚазақстан	-3271	-4970	-3725	-3536	-4060	-2818	-5743	-4017,57
ШығысҚазақстан	-5237	-7388	-6323	-5542	-6170	-6223	-10676	-6794,14
Астана қ.	26095	24163	14048	12057	12674	-1701	57966	20757,42
Алматы қ.	9159	22500	9440	14417	18778	34451	23819	18937,71
Ескерту – [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған								

Экономиканың инфрақұрылымын дамыту мен оның өз тауар өндірушілеріне бағытталуы соған сәкес еңбек әлеуетін талап етеді. Сонымен қатар, халық саны экономикаға қажетті еңбек қорымен қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады [12]. Үлкен территорияда аз халықтың қоныстануы оның экономикалық даму болашағына кедергі келтіруі мүмкін. Соңғы деректер бойынша жалпы Қазақстанның территориясына 1 км^2-ке 6,7 адамнан келеді екен. Территориясы жағынан ең үлкен өңірге 427,9 мың шаршы км-мен Қарағанды облысы жатса, жер көлемі жағынан ең кішкенесіне 117,2 мың шаршы км-мен Оңтүстік Қазақстан облысын жатқызуға болады. Халықтың орналау тығыздығы бойынша соңғы 9 жылда айтарлықтай үлкен өзгеріс болды деп айту қиын. Негізі Қазақстан бойынша орташа көрсеткіш бір шаршы км-ге 6,3 адамды құрап, 2010 жыл мен 2018 жыл аралығындағы 0,7-ге өскен. Орналасу тығыздығы жағынан Ақмола және Қостанай облыстарында ешқандай өзгеріс байқалмайды. Алынған кезең бойынша ең жоғарғы көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан бойынша соңғы 9 жылда орташа халық тығыздығы 3,6 адамға өскен. Еліміздің басқа да өңірлерінде де тығыздықтың өскені байқалады, мысалы Маңғыстауда 0,9 адам, Алматы, Атырауда 0,8 адам, Жамбылда 0,6 адам, Қызылордада 0,4 адам, Ақтөбе, Батыс Қазақстанда 0,3 адам, Қарағанды, Павлодарда 0,1 адамды көрсеткен. Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстары теріс көрсеткішке ие болып отыр (4 кесте).

Кесте 4. Қазақстан Республикасы өңірлерінің территориясының аумағы мен халқының орналасу тығыздығы (2010-2018 жылдар аралығы)

(адам)

Өңірлер	Ауданы	Жылдар									Орташа шама
	Км²	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	
Қазақстан Республикасы	2724902	5,9	6,0	6,1	6,2	6,3	6,4	6,5	6,6	6,7	6,3
Ақмола	146200	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0	5,0	5,1	5,0	5,1	5,0
Ақтөбе	300600	2,5	2,6	2,6	2,6	2,7	2,7	2,8	2,8	2,9	2,7
Алматы	223900	8,2	8,4	8,5	8,7	8,9	8,6	8,7	8,9	9,0	8,6
Атырау	118600	4,4	4,5	4,6	4,7	4,8	4,9	5,0	5,1	5,2	4,8
БатысҚазақстан	151300	4,0	4,0	4,0	4,1	4,1	4,2	4,2	4,2	4,3	4,1
Жамбыл	144200	7,2	7,3	7,3	7,4	7,5	7,6	7,7	7,7	7,7	7,5
Қарағанды	427900	3,1	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2	3,2
Қостанай	196000	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5	4,5
Қызылорда	226000	3,0	3,1	3,2	3,2	3,3	3,3	3,4	3,4	3,5	3,3
Маңғыстау	165600	3,0	3,2	3,3	3,4	3,5	3,7	3,8	3,9	4,0	3,5
ОңтүстікҚазақстан	117200	21,4	21,9	22,4	22,9	23,3	23,8	24,2	24,6	25,0	23,3
Павлодар	124700	6,0	6,0	6,0	6,0	6,0	6,1	6,1	6,1	6,1	6,0
СолтүстікҚазақстан	123200	4,8	4,8	4,7	4,7	4,7	4,6	4,6	4,6	4,5	4,7
ШығысҚазақстан	283200	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9	4,9
Ескерту – [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған											

Демографиялық әлеует тұрғысынан оңтайлы жағдай ретінде мемлекет тарапынан ана мен баланың денсаулығын жақсартуға қатысты қолданып жатқан іс шаралардың тиімділігіне байланысты сәби өлімі көрсеткіштерінің төмендеуі болып табылады [13]. Қазақстан өңірлері бойынша нәресте өлімі алынған кезең бойынша 1000 адамға шаққандағы орташа көрсеткіш 2 есеге төмендеген. Нәресте өлімі көрсеткіштері еліміз бойынша орташа көрсеткіштен жоғарыны 2010-2016 жылдар аралығында Қызылорда 15,49, Шығыс Қазақстан 13,99, Оңтүстік Қазақстан 13,85 облыстарында байқалып отыр. Салыстырмалы түрде орташа шамасы республикалық деңгейден төмен көрсеткіштерге Астана қаласы 9,2, Павлодар 9,65, Батыс Қазақстан 9,9, Солтүстік Қазақстан 10,1, Қарағанды 10,4, Ақмола 10,9 облыстарын жатқызамыз. Жалпы 7 жыл ішінде 1000 адамға шаққандағы сәбилер өлімінің ең жоғарғы көрсеткіші 2010 жылы Қызылорда облысында 22,8 болса, ол 2016 жылы 13-ке төмендеп, 9,8-ді құраған. Ал ең төменгі көрсеткіш 2016 жылы Ақмола облысында 7,03-ті көрсетіп, алынған кезеңнің басындағыдан 6,7-ге төмендеген (5 кесте). Қазақстан Республикасы мен оның өңірлері бойынша сәби өлімінің төмендеуінің басты себептерінің бірі медициналық қызметтерге қол жетімділіктің жоғарылауы мен қызмет сапасының өсуімен байланысты болып отыр.

Кесте 5. 2010-2016 жылдар аралығындағы өңірлер бойынша нәресте өлімі көрсеткіші

(1000 адамға шаққандағы)

Өңірлер	Жылдар							Айырмашылық
	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	
Қазақстан	16,58	14,93	13,48	11,30	9,72	9,41	8,59	-7.99
Ақмола	13,75	15,79	11,10	11,84	9,20	8,11	7,03	-6.72
Ақтөбе	17,12	12,01	13,53	11,39	9,91	9,68	8,54	-8.58

Кестенің жалғасы

Алматы	12,61	12,15	11,62	9,28	8,48	8,15	7,54	-5.07
Атырау	16,69	16,97	15,88	9,33	8,94	7,86	8,87	-7.82
БатысҚазақстан	14,00	11,93	10,04	8,20	9,15	8,32	8,14	-5.86
Жамбыл	16,44	15,02	13,50	13,50	10,40	11,05	8,80	-7.64
Қарағанды	14,85	11,01	12,01	9,44	8,95	8,63	8,12	-6.73
Қостанай	14,05	13,24	14,76	12,12	11,61	10,57	9,07	-4.98
Қызылорда	22,81	19,44	18,75	14,62	12,31	10,66	9,83	-12.98
Маңғыстау	18,53	17,34	12,67	9,49	8,95	9,19	9,48	-9.05
ОңтүстікҚазақстан	19,50	16,74	15,01	13,27	11,31	11,17	9,98	-9.52
Павлодар	12,80	13,48	9,25	8,74	8,34	6,95	7,99	-4.81
СолтүстікҚазақстан	13,83	11,98	11,03	10,72	8,48	7,85	7,11	-6.72
ШығысҚазақстан	20,01	18,16	16,20	13,21	11,10	9,77	9,51	-10.50
Астана қ.	11,34	11,10	11,38	9,33	6,87	7,61	6,75	-4.59
Алматы қ.	17,13	17,03	12,65	10,55	8,25	8,99	7,58	-9.55
Ескерту – [10] әдебиет негізінде автормен құрастырылған								

Демографиялық әлеуетті қалыптастырудағы жалпыландыратын көрсеткіштер тобына халықтың ұдайы өсу сипаттары жатады [14].

Аймақтың халықтың ұдайы өсуінің демографиялық әлеуетін жалпыландырушы көрсеткіштер:

- табиғи өсімнің жалпы және нақты коэффициенттерінің қатынасы
- табиғи ұдайы өсімінің нәтижелілігі
- халық санының табиғи өсудің нөлдік мәнін қамтамасыз ететін туудың жиынтық коэффициентінің есебі
- халық санының демографиялық параметрлердің (туу, өлім-жітім және қайтарымсыз миграция) өзгеру сценариіне байланысты жастық-жыныстық құрылым мен ұдайы өсудің негізгі көрсеткіштерінің көпнұсқалық болжамы [15].

Табиғи өсімнің нақты және жалпы коэффициентінің қатынасы халықтың ұдайы өсуіндегі демографиялық әлеуеттің рөлін анықтайды. Табиғи өсімнің шынайы коэффициенті теріс мағыналы болған жағдайдың өзінде табиғи өсімнің сақталуы демографиялық әлеуеттің сақталып қалғандығының дәлелі [16] болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан өңірлерінің демографиялық әлеуетін анықтау үшін оның негізгі көрсеткіштері әсер етуші факторларына байланысты топтастырылды. Халық саны мен демографиялық көрсеткіштерге байланысты факторларға жалпы халық саны, туу, өлім-жітім көрсеткіштері, қайтпайтын көші-қон үлесі кіреді екен. Демографиялық құрылымды жастық-жыныстық, неке және көші-қон құрылымы арқылы анықтаймыз. Демографиялық сипатты репродуктивті, некелесу, өзін-өзі сақтау және көші-қон сипаттары арқылы зерттеуге болады.

Өңірлер бойынша демографиялық әлеуетті бағалау барысында халықтың орналасу тығыздығы, 60 жастан асқандардың жалпы үлесі, 1000 адамға шаққандағы нәресте өлімі және еңбекке жарамды жастағы халықтың көші-қон айырымы көрсеткіштеріне статистикалық талдау жасалынды. Нәтижесінде, халықтың қартаю коэффициенті тарапынан демографиялық әлеуеті жоғары өңірлерге Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Астана қаласы жатса, ал 60 жастан асқандардың саны жалпы республикалық деңгейден жоғары, яғни әлеуеті төмен аймақтарға Қарағанды, Қостанай, Солтүстік және Шығыс Қазақстан мен Павлодар облыстары кіріп отыр. Еңбекке жарамды

жастағы халықты көші-қоны көрсеткіштері тарапынан оң нәтижеге Алматы, Маңғыстау, Атырау облыстары мен Алматы және Астана қалалары ие болса, демографиялық әлеуеті өте төмен аймақтарға Жамбыл, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары жатады екен. Өңірлердегі 1000 адамға шаққандағы нәресте өлімі бойынша демографиялық әлеуеті жоғарыларға - Алматы, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстары мен Астана қаласы болса, ал сәби өлімі көрсеткіші жоғары, яғни демографиялық әлеуеті төмен аймақтарға Шығыс және Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстары жатады.

Мәліметтерді зерттеу нәтижесінде, Қазақстан Республикасы өңірлерін демографиялық әлеуеті тұрғысынан үш топқа бөліп көрсетуге болады. Демографиялық әлеуеті жоғары аймақтарға Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Жамбыл, Атырау және Алматы облыстары мен Алматы және Астана қалаларын жатқызуға болады. Жоғарыда талданған мәліметтер бойынша, демографиялық әлеуеті орташа немесе тұрақты аймақтарға Ақмола, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстары кіреді. Ал, еліміздің жалпы демографиялық жағдайына керісінше әсер ететін демографиялық әлеуеті төмен өңірлерге Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарын жатқызамыз.

Сонымен, демографиялық әлеует өңірлер халқының сандық өзгеруіне алып келеді екен. Өңірлердің демографиялық әлеуетінің өзгеру жылдамдығы немесе нәтижесі халықтың бастапқы сандық және сапалық сипатына байланысты болады [17]. Айта кететін жағдай, демографиялық әлеуеттің шамасын демографиялық саясат арқылы басқаруға болады. Ұзақ уақыттағы демографиялық өсімнің кемуі (депопуляция) жағдайында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қолдау мен экономикалық өсімге жағдай жасау үшін қоғамда жоспарлы түрдегі демографиялық әлеуеттің ұдайы өндірісі бойынша жұмыстар атқарылуы қажет.

ПРИМЕЧАНИЕ/ ЕСКЕРТУ

Мақала №AP05134319/ГФ ««Мәңгілік ел» аясында Қазақстан аймақтарының демографиялық дамуының болашағы» жобасы аясында жазылған

Статья написана в рамках проекта №AP05134319/ГФ «Перспективы демографического развития регионов Казахстана в контексте «Мәңгілік ел»»

№AP05134319/ГФ «Prospects of the demographic development of the regions of Kazakhstan in the context of "Mangilik Yel»».

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Сукнева С.А. Ддемографический потенциал воспроизводства населения северного региона // Региональная экономика: теория и практика. – 2011. - №15(198). – с.9-14.
2. Куликова В.П., Никишина О.А. Статистическое моделирование и прогнозирование демографического развития региона // Вестник Омского регионального института. – 2015. – с.44-46.
3. Dalkhat M. Ediev. Aggregate population forecasting with the use of demographic potentials' technique. /Investigated in Russia. – 2001. - №38. – с.408-431.
4. Dalkhat M. Ediev. Interrelations between the spectrum of leslie matrix and the age pattern of demographic potentials. / Investigated in Russia. – 2002. - №74. – с.815-823.
5. Bongaarts J. Human population growth and the demographic transition // Philosophical Transactions the Royal SocLond B Biol Sci. – 2009. Oct 27; 364(1532). – с.2985–2990.
6. Arthur W.B. Why a population converges to stability // American mathematical monthly. – 1981. Vol. 88. № 8. с.557-563.
7. Kim Y. J. Schoen R. Population momentum expresses population aging // Demography. – 1997. №34. с.421-427.
8. Bongaarts J., Buettner J., Heilig G., Pelletier F. Has the AIDS epidemic peaked? // Population & Development Review. – 2008. - №34. – с.199–224.
9. Пирожков С.И. Демографическое старение // Народонаселение. Энциклопедический словарь. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1994. С.113.
10. Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ РК/ http://stat.gov.kz

11. Туменова Б.Н. Внутренняя миграция в Казахстане. / Уровень жизни населения регионов России. – 2009. - №10-11(104-141). – с.102-120.

12. Насимова Г.О., Балапанова А.С., Жусупова А.С. Демографическая ситуация в Казахстане / Евразийский Союз: Вопросы международных отношений. – 2013. -№1(2). – 98-109.

13. Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от «5» декабря 2014 года №299 «Стратегический план Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан на 2014 - 2018 годы»

14. Фаузер В.В. Демографический потенциал северных регионов России – фактор и условие экономического освоения Арктики // Экономика региона. – 2014. - №4. – с.69-79.

15. Dишневский А.Г. Демографический потенциал России // Вопросы экономики. М.: – 1998. №5. – с.103-122.

16. Игошев М.В. Мингалева Ж.А. Факторы формирования позитивных демографических тенденций. Формирование современного демографического потенциала как основа. Структурной модернизации экономики // Российское предпринимательство. – 2011. - №2(1). – с.24-30.

17. Сагидолда Н. Региональные особенности демографической ситуации Казахстана // Materials of the XIII international scientific and practical conference modern European science. – July 7, 2018. - №5. – с.69-74.

REFERENCES

1 Sukneva S.A. Ddemograficheskiy potentsial vosproizvodstva naseleniya severnogo regiona // Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika. – 2011. - №15(198). – s.9-14.

2 Kulikova V.P., Nikishina O.A. Statisticheskoye modelirovaniye i prognozirovaniye demograficheskogo razvitiya regiona // Vestnik Omskogo regional'nogo instituta. – 2015. – s.44-46.

3 Dalkhat M. Ediev. Aggregate population forecasting with the use of demographic potentials' technique. /Investigated in Russia. – 2001. - №38. – s.408-431.

4 Dalkhat M. Ediev. Interrelations between the spectrum of leslie matrix and the age pattern of demographic potentials. / Investigated in Russia. – 2002. - №74. – s.815-823.

5 Bongaarts J. Human population growth and the demographic transition // Philosophical Transactions the Royal SocLond B Biol Sci. – 2009. Oct 27; 364(1532). – s.2985–2990.

6 Arthur W.B. Why a population converges to stability // American mathematical monthly. – 1981. Vol. 88. № 8. s.557-563.

7 Kim Y. J. Schoen R. Population momentum expresses population aging // Demography. – 1997. №34. s.421-427.

8 Bongaarts J., Buettner J., Heilig G., Pelletier F. Has the AIDS epidemic peaked? // Population & Development Review. – 2008. - №34. – s.199–224.

9 Pirozhkov S.I. Demograficheskoye stareniye // Narodonaseleniye. Entsiklopedicheskiy slovar'. – M.: Bol'shaya Rossiyskaya entsiklopediya, 1994. S.113.

10 Ofitsial'nyy sayt Komiteta po statistike MNE RK/ http://stat.gov.kz

11 Tumenova B.N. Vnutrennyaya migratsiya v Kazakhstane. / Uroven' zhizni naseleniya regionov Rossii. – 2009. - №10-11(104-141). – s.102-120.

12 Nasimova G.O., Balapanova A.S., Zhusupova A.S. Demograficheskaya situatsiya v Kazakhstane / Yevraziyskiy Soyuz: Voprosy mezhdunarodnykh otnosheniy. – 2013. -№1(2). – 98-109.

13 Prikaz Ministra zdravookhraneniya i sotsial'nogo razvitiya Respubliki Kazakhstan ot «5» dekabrya 2014 goda №299 «Strategicheskiy plan Ministerstva zdravookhraneniya i sotsial'nogo razvitiya Respubliki Kazakhstan na 2014 - 2018 gody»

14 Fauzer V.V. Demograficheskiy potentsial severnykh regionov Rossii – faktor i usloviye ekonomicheskogo osvoyeniya Arktiki // Ekonomika regiona. – 2014. - №4. – s.69-79.

15 Dishnevskiy A.G. Demograficheskiy potentsial Rossii // Voprosy ekonomiki. M.: – 1998. №5. – s.103-122.

16 Igoshev M.V. Mingaleva ZH.A. Faktory formirovaniya pozitivnykh demograficheskikh tendentsiy. Formirovaniye sovremennogo demograficheskogo potentsiala kak osnova. Strukturnoy modernizatsii ekonomiki // Rossiyskoye predprinimatel'stvo. – 2011. - №2(1). – s.24-30.

17 Sagidolda N. Regional'nyye osobennosti demograficheskoy situatsii Kazakhstana // Materials of the XIII international scientific and practical conference modern European science. – July 7, 2018. - №5. – s.69-74.

РЕЗЮМЕ

Демографическое развитие включает в себя социально-экономическое преобразование страны и квалифицируется многозначностью направления развития. Качественные изменения в воспроизводстве населения отображается в демократичности во взаимоотношениях поколений, интенсивности жизненных позиции, устойчивости заключенных браков, здоровом потомстве и т.д. В статье рассмотрены и проанализированы факторы, оказывающие влияние на демографический потенциал регионов Казахстана.

ТҮЙІН

Демографиялық даму қоғам дамуының бір бөлігі ретінде қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістермен қатар, дәртүрлі түрде даму бағытының әртүрлігімен сипатталады. Халықтың ұдайы өсуінің сапалы түрде өзгеру көрінісі ретінде тұрақты некеде болу, үйлесімді ерлі-зайыптық қарым-қатынас, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынастағы демократизм, дені сау ұрпақ, белсенді өмірлік ұстаным, және т.б. сияқты көрсеткіштер жатады. Мақалада Қазақстан өңірлерінің демографиялық әлеуетіне әсер етуші факторлар қарастырылып, талданған.

SUMMARY

Demographic development includes the socio-economic transformation of the country and is characterized by a multifaceted direction of development. Qualitative changes in the reproduction of the population are reflected in the democracy in the interrelationships of generations, the intensity of life positions, the stability of marriages, healthy descendants, etc. The article considers and analyzes the factors influencing the demographic potential of the regions of Kazakhstan.